

Д.Төленов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің кезектен тыс №5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күн тәртібі:

Д.Төленов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің өзін-өзі бағалау есебін талқылау туралы Т.Идркенова

Тыңдалды: Т.Идркенова-мектеп директоры, комиссия төрағасы

Д.Төленов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 2023 жылдың желтоқсанындағы кезектен тыс өткізілген №3 педагогикалық кеңесінің Қаулысының орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. Мектеп ұжымының алдына қойған басты міндет-мектептің атқарылып жатқан қызметіне өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды.

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарына сәйкес тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру қлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізді.

Ұжым алдынды өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

Сөйлеушілер:

І. Ғ.Ожаева-комиссия мүшесі, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1,2 параграфтарының нақты бағыттары негізінде МАД сыныптарында, 1-11 сыныптарындағы жұмыстарды зерделеп, өзіне-өзі бағалау жүргізілді:

- ❖ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;
- ❖ Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;
- ❖ Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
- ❖ Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары бойынша зерделеу мен талдаулар жүргізілгендігін айтты.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына арналған қосымшалар бойынша материалдармен таныстырды.

Аталған бұйрықтың 1-2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы мектептің оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары, жұмыстық оқу жоспарларымен сабақ кестелерінің ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі бойынша зерделеу ұорытындысымен таныстыра келе, зерделеу барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды. Соның ішінде біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруда, біліктілік тестісінен немесе портфолиодан өте алмай отырған педагогтардың аз да болса бар болуы сын екендігін жеткізді. Қазіргі күні педагогтарды аттестаттаудың жаңа ережесі қоғамдық талқылауда жүргендігін, алдағы уақытта «Ұстаз» платформасы іске қосылған кезде бұндай ескертулер мен ұсыныстарды автоматтандырылған платформаның өзі іске асырып, әр педагогтің өзіне хабарламалар келіп тұратындығын да түсіндіріп өтті.

II. Ж.Тұрсынбаев-комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 25 тармағы, 3 қосымша 4-тарау 56 тармағы, 4-қосымша 4-тарау 50 тармағы бойынша Kundelik.kz электронды журналы арқылы білімалушыларды бағалаулардың жүргізілуі, сондай-ақ тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, білім алушылардың білім беру қызметінің дайындық деңгейіне, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдайды анықтау үшін онлайн сауалнама қорытындыларымен таныстырып, ескеретін тұстары мен ұсыныс-пікірлерді жеткізді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің сақталуын, педагогикалық кадрлармен жасақталуы және білім беру процесін материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтерді беру үшін әдістемелік ұсынымның қосымшаларының 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 кестелері және «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына толықтырулар еңгізу туралы 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №36 бұйрығының 13-1 қосымшасына сай материалдар жинақталғандығын жеткізді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 1-қосымшасындағы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына» 2-қосымшасындағы бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылған кесте көрсетіліп, күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Д.Төленов атындағы жалпыорта білім беретін мектебі» қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижесінде анықталған кемшілікер бойынша кешенді жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне «үлгілі» деп бағалансын.

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес «үлгілі» (үлгілі 55 тен-65 баллға дейін) деп бағалансын
4. Өзін-өзі бағалау жқіндегі есеп білім беру процесінің барлық қатысушыларына жеткізілсін және қамқоршылық кеңесі алдында есебі берілсін
5. Өзін өзі бағалау есебі мектептің интернет ресурсында жариялансын.

Педагогикалық кеңес төрағасы
Хатшы



Т.Идренова
Н.Сайфуллина